



Бекітемін
Мектеп директоры:
— М.Изатуллаева

«Қос-қорған» жалпы орта мектебі 5-сынып оқушыларының мектепке бейымделу деңгейін анықтау

Жаңа заман талабы жеке тұлғаны дамыту мен танымдың ауқымын кеңейту деңгейінде әртүрлі технологияларды және әдістерді қолдануды қажет етеді. Бастауыш сынып сатысында бала педагогикалық экологияны сақтаған, жағымды микроахуалда, табысқа жетуін қамтамасыз ететін жағдайда тәрбиеленгені жөн.

Оқушының қабілеттілігінің дамуы белсенді еңбек пен оқу үрдісінде игеріледі. Бала - шығармашылықтың қайнар көзі. Табиғаттың берген сыйы. Ендеше, балалардың шығармашылығын дамыту, белсенділігін, іскерлігін арттыру мақсатында жүргізілетін бірнеше жаттығу--тренингтер ұсынамыз.

1. «Бәріміз бірге».

Мақсаты: балаларды бір-бірімен байланыс орнатуға үйрету, серіктесінің қозғалыс қарқынына ыңғайлану.

Жаттығудың жүргізілуі: балалар жұппен тұрып допты бірге ұстайды (әр бала допты екі қолымен ұстауы тиіс). Жетекшінің белгісінен кейін балалар бір уақытта отыруы, допты қолдарынан түсіріп алмай белме ішінде жүруі, секіруі қажет. Ен бастысы, бірге әрекет жасап допты түсіріп алмау.

2. «Керісіншелер елі».

Мақсаты: Ойша әрекет ету қабілетін жаттықтыру.

Жаттығудың жүргізілуі: балалар шеңбер бойымен отырады. Жетекші үш әріптен тұратын сөзді айтып, допты лақтырады. Допты ұстаған ойыншы әріптерді кері атайды (күн-нүк, көз-зөк, сан-нас). Аударылған сөздердің, мағынасы болмауы мүмкін. Ойынның күрделенуі сөздің ұзақтығына байланысты.

3. «Ормандағы ағаштар» ойыны.

Мақсаты: Балаларға қозғалуға, демалуға мүмкіндік беру. Музыка ойналады.

Мәтін: Сендер ағашқа айналуға дайынсыңдар ма?

Бір-біріннің соңдарыңнан тұрындар. Орманда күн шығып барлық ағаштар оған жапырақтарын жайып қарап тұрды. Күнге әрбір жапырағы жылыну үшін жоғары-жоғары созылды. Саусақ -жапырақтар күннің астында билеп тұрды. Кенеттен қатты жел тұрып, талдарды жан-жаққа шайқай бастады. Бірақ, талдың тамырлары тереңге кеткен, олар жәй ғана тербеледі. Желдің артынан жаңбыр жауып, талдар алғашқы жауын тамшыларын сезінді.

Алдыңғы тұрған баланың арқасын саусақтарыңмен жауын тамшыларындай тырсылдат. Кәдімгі майда жаңбыр жауып тұрғандай қимыл жеңіл болуы қажет.

Жауын одан әрі күшейіп қатты жауа бастады... Талдар бір - біріне жанашырлық білдіріп жаңбырдың қатты соққысынан қорғап, сипалай бастады. Көп ұзамай көкжиектен күн көрініп, талдар қуанды, олар өздеріндегі артық жауын тамшыларын сілкіп тастады. Өздерін сенімді, сергек, тап-таза сезініп қалады.

4. "Ондай болуы мүмкін емес"

Казак халқының, салт-дәстүрінде өтірікшілер сайысы кең тараған шығармашылықтың түрі болған. Сол өнердің элементтерін бастауыш сынып оқушыларының қиялын дамытуға кеңінен пайдалануға болады.

Топтағы оқушылардың біреуі ешқандай болуы мүмкін емес өтірік нәрсені айтады: ақиқатта болмайтын заттар, өздерімен болған оқиғаларды, болуы мүмкін емес табиғат құбылыстары мен ол жағдайдағы өзінің әрекеттері, табиғатта кездеспейтін жануарлар және олардың хикаялары туралы оқиғаларды айтып береді. Бес өтірік сюжетті қатарынан қисынын келтіріп айтып берген кезде ешкім "ондай болуы мүмкін емес" деп айтпаса, сол ұтады. Олардың барлығы марапатталады.

5. "Егер осылай болса..."

Балалардың біреуі фантастикалық жағдайды ойлап табады, ал басқалары оның шешімін табуы керек. Мысалы:

- Егер әр адам туғаннан бастап барлық басқа адамдардың ойлаған ойларын оқуға қабілеті болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді?
- Егер жер бетіндегі адамдардың әрқайсысы өзіне ғана түсінікті тілде ғана сөйлейтін болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді?
- Егер жануарлар тілін адамдар түсіне алатын болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді?
- Егер адамдар құс сияқты ұша алатын болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді?
- Егер оймен барлық, өсімдіктер өмірін басқаруға болатын болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді?
- Егер адамдар жер астында өмір сүре алатын болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді?
- Егер адамдар су астында өмір сүре алатын болса, онда Жердегі өмір қалай өзгерер еді? т.с.с

Фантазиялық әңгімелерге үлесін қосқандардың барлығы марапатталады.

6. "Сиқырлы қалам"

Жаттығуды жүргізу үшін қалам мен қағаз керек. Жүргізуші барлық қатысушыларға жаттығуды орындау шартын түсіндіреді. Ойынға қатысушы қаламды қолына алмастан, оны төрт түрлі бұйрықпен (Жоғары! , Төмен! , Оңға! , "Солға!" деген бұйрықтар беріледі) қашықтықтан басқарып отырады. Бұйрық бойынша қалам қағаз бетімен жоғары, төмен, оңға, солға жылжып, сынық сызықтар ретінде із қалдырады. Қаламның барлық қадамдары бірдей болуы керек.

Жаттығуды орындаудың бастақы кезеңінде ойынға қатысушылар кезекпен бұйрық береді, ал жүргізуші қаламға ол бұйрықтарды орындауға "көмектеседі". Барлық қатысушылар ойын ережесін меңгергеніне жүргізушінің көзі жеткеннен соң балаларға тапсырманы қиялымен орындау тапсырылады. Өздерінің ойындағы қаламдарымен көз алдына елестеткен қағазға жорамалдағы сызықтарды түсіру үшін қатысушылар бірінен кейін бірі қаламға бұйрық беріп отырады. Ең алдымен қарапайым фигуралар (шаршы, үшбұрыш т.с.с.) салынады. Кімнің бұйрық беретіні отырған ретімен шеңбер бойынша анықталады.

Бір-бірінің қандай фигура салатыны туралы алдын ала келіспейтіні туралы жүргізуші ойынға қатысып отырған балаларға түсіндіріп береді. Сондықтан қатысушылардың барлығы өзінен бұрынғылардың бұйрықтарын зейін салып тыңдап отыруы керек. Біртіндеп салған фигуралары күрделі бола бастайды.



«Қос-қорған» жалпы орта мектебі түзету-дамытуға арналған бағыт жеке адамды қалыптастырудың факторлары.

2023-2024 оқу жылында

Жаңа туған нәресте адам деп аталғанымен “тұлға” деген атқа көпке дейін ие бола алмайды. Өйткені, кісі болып, ержету үшін бала оңы мен солын, өзінің “менін” басқа “мендерден”, яғни басқа адамдардан ажырата білуі тиіс. Сондықтан да нәресте, сәби, бөбектерді кісі, тұлға деп айту қиын. Есейіп, ер жетіп, өз бетінше әрекет ете алатын адамды ғана кісі, не тұлға, жеке адам дейміз. Қандайда болмасын бір іспен айналысатын, азды-көпті өмір тәжірибесі, білімі мен дағдысы, икемі, дүние танымы, сенімі мен талғам – мұраты, бағыт – бағдары бар адамды тұлға, жеке адам деуге болады. Мінез, қабілеті бір сыдырғы қалыптасып үлгерген, өзінің іс-әрекетін тізгіндей білетін, өз бойындағы жақсы – жаман қылықтары үшін жауап бере алатын адамды да кісі, не тұлға дейміз. Тұлғаның түрлері сан алуан. Оның жақсы, озық, ерен, топжарған түрлерімен қатар жауыз, керітартпа, бұзық, қасқай т.б. толып жатқан өкілдері болады. Оның тарихта мысалдары өте көп.

Имандылықтың ерекше бір көрінісі халқымыз ерекше қастерлейтін кісілік ұғымы, тұлғаның аса өнегелі түріне жатады.

Кісіліктің түрліше деңгейі болады. Оның жаман, жақсысы, көргенді, көргенсізі, өнегелі, өнегесіз т.б. түрлері болады. Жұрт имандылықты бойына дарыта білген пенделерді ғана пір тұтқан, адамгершілігі төмен, не одан жұрдайларды “имансыз”, “көргенсіз” деп иттің етінен жек көрген. Ондайлар кінәлі әрі күнәлі деп саналып, ерте ме, кеш пе жазасын тартатын болған. Кісіліктің басты белгілерінің бірі – ар – ұятқа кір келтірмеу, намысты аяққа баспау. Қазақта “жарлы болсаң арлы бол” деген сөз осыған орай айтылғандай. Ар – ұяты бар кісі ғана биязы, ақжарқын, иманжүзді, ақыл – парасатты келеді.

Халық түсінігінде мінез – құлықтың әртүрлі жағымды жақтары “кісілік” ұғымының төңірегіне топтасады. Кісіліктің басты белгілері: ар – ұятты қастерлеп сақтау, намыстылық, мейірімділік пен қайырымдылық, ізеттілік, адамдық пен шыншылдық, ілтипаттылық пен кішіпейілділік. Қазақ дәстүріндегі үлкенді-салау, оның алдынан кесе өтпеу, оған міндетті түрде сәлем беру, үйге келгенде төрден орын беріп, кісінің көңіл – күйіне қарап, орынсыз сөзге араласпау кісілікке жарасымды қасиеттер.

Адамды әрекетке бағыттайтын, қажетін өтеуге талаптандыратын бір түрткі болады. Бұл түрткіні психологияда себеп (мотив) дейміз. Қандай да болмасын объектінің себебін білмей тұрып, адамның бір мақсатқа жетем

деген ойын қалайша тоқтата алатынын және оның мінез – құлқының мән – жайын толық түсіну қиын болады .

Түрлі жағдайлардың әсер етуіне қарай адам психологиясы әртүрлі өзгеріске түсіп отырады. Осыған орай , оның түрткілері де , мақсатқа жету үшін қажетті шаралары да өзгеріске түседі . Түрткінің өзгеруі іс - әрекеттің бағыт – бағдарына , нәтижесіне әсер етеді. Мәселен , қоғамдық мәні күшті түрткі іс - әрекет нәтижесіне ерекше әсер етеді.

Жеке адамды қандай болмасын әрекетке итермелейтін негізгі қозғаушы мотив – оның түрлі қажеттері , яғни бір нәрсеге мұқтаждануы . Адамның қажеттері қоғамдық еңбекте , еңбек ету процесінде қалыптасқан . Сыртқы ортамен байланыс жасауда адамның өмір сүруі үшін ең алдымен ерекше маңыз алған материалдық қажеттер (тамақ, баспана, киім, еңбек құралдары т.б.) болады. Адам баласының тарихи даму жағдайында туған еңбек әрекеті еңбек құралдарымен пайдалану секілді негізгі материалдық қажеттері біртіндеп дами келе , қажеттердің жаңа тобын – рухани қажеттерді (білім , көркемөнер т.б.) туғызады .

Рухани қажеттердің дамуы – материалдық қажеттерінің қанағаттандырылуына байланысты. Адам қажеттерінің дамуы – тарихи дамудың елеулі бір кезеңі. Олар адамның алдына әр түрлі мақсаттар қойып отыруына себепші болатын негізгі түрткілер. Адам өзінің қажеттерін өтеу үшін бар мүмкіндігін пайдаланады . Бұл оны белсенді түрде іс - әрекет істеуге талпындырады. Оның қажеттері саналы әрекетінің нәтижесінде біртіндеп өтеліп отырады. Адам өз қажетін өтеу жолында сыртқы ортаны , табиғатты өзгертуге дейін барады. Қажеттердің өтелу , өтелмеуі адам психологиясына , оның күйініш – сүйінішіне әсер етеді . Қажеттер орындалу тәсіліне қарай кісіде мазасыздану , не тынышталу , рахат, не азап шегу сезімдерін туғызады. Қажеттерді өтеу арқылы адам тиісті құралдарды іздестіріп солардың күшімен , түрлі теориялық , практикалық сипаттағы мәселелерді шешуге мүмкіндік алады. Өйткені қажет – адамның ойлау қызметін тудыратын негізгі себептердің бірі болып табылады , білдіріп қана қоймай , ол заттарды өз қажетіне байланысты өзгертуге , қайтадан жасауға әрекет етеді. Олай болса адамдардың қажеттері – іс - әрекетінің негізгі мотивтері , яғни оның психологиясының қайнар көзі , бастамасы болып табылады. Қажет – өмір сүрудің , тіршілік етудің арқауы. Егер табиғи қажет өтелмесе , өмір сүру үшін тиісті жағдайлар болмаса , адам , жануарлар тіршілік ете алмайды. Адам өмірі үшін рухани қажеттерді өтеп отырудың маңызы зор .Осындай қажеттердің өтелмеуінен адам көп қиыншылық көреді , өйткені бұл оның сана – сезімінің өсуіне кедергі келтіреді.

Дайындаған педагог-психолог:
Г.Даданов Р.Алиханова